Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «26» тамыз № 144
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: **Атырау облысы бойынша «Жастар Рухы Қоры» корпоративтік қоры**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): **Құрметұлы Абылай**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: **Қазақстан, Атырау обл., Атырау қ., Айтеке би к., 79А.**
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **«Атадан туған аруақ ер» атты поэтикалық жобасы**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: **2024 жылдың «1» қыркүйек пен 2024 жылдың «30» қараша аралығы**
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: **11 076 000 (он бір миллион жетпіс алты мың) теңгені құрайды**

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

**1-міндет.** Түрлі тақырыптағы (махаббат, табиғат, отан, тарих және т.б.) 3 іс-шараға жанрдың белгілі өкілдерін шақыра отырып, «тақырыптық кеш» форматында ұйымдастыру

**1-іс-шара. «Махаббат деген...» тақырыбында поэзия кеші.** 2024 жыл, 11 қазан күні «KIIZ» этно-кофеханасында «Махаббат деген...» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды. Кеш барысында махаббат тақырыбындағы, махаббаттың әртүрлі қырларын, оның тереңдігі мен сұлулығын ашып көрсететін поэзия жырлары оқылды. Поэзия кеші нәтижесінде қатысушылар поэзияның сұлулығын, махаббаттың мәнін, оның өмірдегі орнын терең түсініп, пікірлерімен бөлісті. Жалпы қатысушылар саны 70 жасты құрады.

**2-іс-шара. Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне арналған «Мен бір жұмбақ адаммын» поэзия кеші.** 21 қазан 2024 жыл «KIIZ» этно-кофеханасында «Мен бір жұмбақ адаммын» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды. Поэзия кешінде Абай Құнанбайұлының шығармалары, философиялық ойларын, рухани құндылықтарын көрсететін өлеңдері оқылды. Іс-шара кезінде қатысушылардың Абайға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігі оянып, рухани кеш өтті. Кеш барысында қатысушыларға кофе брейк ұйымдастырылды. Жалпы қатысушылар саны 70 жасты құрады.

**3-іс-шара. «Сол сәттер» тақырыбында поэзия кеші.** 2024 жыл 1 қараша күні «Yemaa art space» орталығында «Сол сәттер» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды. Кеш барысында ескі естеліктерден жиналған әртүрлі тақырыптағы шығармалар орындалып, тыңдармандардың жүрегіне жол тауып, ескі естеліктерді жаңғыртты. Поэзия кешінде қатысушылары 133 адамды құрап, кофе брейк ұйымдастырылды.

**2-міндет.** Жас ақындар үшін жанр сарапшыларының қатысуымен өлеңдер жазу, дауыстап оқу және поэзияны түсіндіру техникасы бойынша 4 мастер класс/воркшоп өткізу (іс-шарада кемінде 140 қатысушы).

**1-іс-шара. «Сөз энергиясы» жас ақындарға арналған шеберлік сағаты.** «Сөз энергиясы» жас ақындарға арналған шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Шеберлік сағатын ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бақытгүл Бабаш өткізді. Шеберлік сағаты барысында жас ақындарға сөз саптау, өлең оқу және өлең тыңдау тақырыптары қозғалды. Нәтижесінде жас ақындар сөздің әлеуетін түсініп, өз шығармаларында қолдануға қажетті дағдыларды меңгерді. Қатысушылардың саны жалпы 70 жасты құрап, шеберлік сағатына қатысқандығын растайтын сертификаттар табысталды.

**2-іс-шара. «Сөз өнері: Шебер сөйлеудің сырлары» шеберлік сағаты.** Ә.Молдағұлова көшесі, 193. 2024 жыл 21 қараша Д.Қонаев атындағы BINOM school мектеп-лицейі, акт залында Бақытгүл Бабаштың «Сөз өнері: Шебер сөйлеудің сырлары» шеберлік сағаты өткізілді. Шеберлік сағаты барысында сөз өнерінің маңызы түсіндіріліп, шебер сөйлеудің сырлары түсіндірілді.Шеберлік сағатқа жалпы 300 жас қатысушылар қатысты.

**3-іс-шара. «Дауыс күші» дауыстап оқу техникасы бойынша воркшоп.** 2024 жыл,17 қазан күні «Beluga» қонақ үйі, конференц залында «Дауыс күші» дауыстап оқу техникасы бойынша воркшоп өткізілді. Практикалық сабақты актер, диктор-Әлихан Талғатұлы жүргізді. Сабақ барысында қатысушыларға дауыстап оқу техникалары бойынша сөйлеу дағдыларын дамыту, дауыс ырғағын дұрыс қолдану және мәтінді эмоционалды жеткізу бойынша тәжірибе берілді. Воркшоп соңында қатысушыларға 70 жасқа сертификаттар табысталды.

**4-іс-шара. «Мәтінмен жұмыс істеу жолдары» жас ақындарға арналған воркшоп.**

29 қазан 2024 жыл «Beluga» қонақ үйі, конференц залында «Мәтінмен жұмыс істеу жолдары» жас ақындарға арналған воркшоп өткізілді. Мастер классты актер,диктор – Сағыныш Алиханұлы жүргізді. Шара барысында қатысушылар мәтіндермен қалай тиімді жұмыс істеу, өз идеяларын қалай жүйелі түрде жеткізу керектігін үйренді. Воркшопта практикалық жаттығулар, талқылаулар және пікір алмасу,бұл жастардың бір-бірімен тәжірибе бөлісуіне мүмкіндік берді. Қатысушылар мәтіндермен түрлі тәсілдермен жұмыс істеп, өздерінің шығармашылық стилдерін дамытуға жаңа идеялар алды. Воркшоп соңында қатысушыларға 100 жасқа сертификаттар табысталды.

**3-міндет.** Аталған тақырып бойынша 3 пікірталас кездесуін өткізу, онда жаңа бастаған ақындар мен белгілі шығармашылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, жаңа бастаған ақындарға тәлім бере алады (іс-шарада кемінде 80 қатысушы).

**1-іс-шара. «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың бастауы» тақырыбында жергілікті ақындар мен жас ақындар кездесуі.**
2024 жыл 28 қараша күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жергілікті ақындар мен жас ақындар арасында «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың бастауы» тақырыбында кездесуі өткізілді. Кездесуде ақын Асыланбек Шығыр мен әлеуметтік ғылымдар магистрі, Атырау университеті қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы - Жәнібек Ғалым жас ақындармен тәжірибелерімен бөлісті. Жас ақындар өздері шығарған шығармаларын ұсынып, шығармашыларына талдау жүргізді. Қатысушылар саны 33 жасты қамтыды.

**2-іс-шара.** 2024 жыл 28 қарашада, 50 жасты қамтып, Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінде «Тәжірибе мен талант: Ақындық жол» тақырыбында Атыраулық ақындар мен жас ақындар арасында кездес ұйымдастырылды. Болат Дәулетов - ақын, Жазушылар одағының мүшесі және Еркеназ Қалижан - ақын, Жазушылар одағының мүшесі жас ақындармен кездесу барысында өздері жүріп өткен ақындық жолдарын талқылап, жастарға тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу кезінде жас ақындар өз шығармаларын оқып, ақындардан талдау алды.

**3-іс-шара. «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың Көшбасшылығы» тақырыбында жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі.** 2024 жыл 29 қараша,45 жасты қамтып, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың Көшбасшылығы» тақырыбында жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі өтті. Әлия Дәулетбаева - ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Атырау облысындағы өкілі, Бибігүл Қайыржанова - әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты кездесуде жас ақындарға кеңестерін айтып, ақындық жолда көшбасшы болу тақырыбына талдау жүргізді. Кездесуде жас ақындар жазған жырлары талқыланды.

**4-міндет.** Қазақ поэзиясы мен әдебиетке байланысты мәдени мұра, дәстүрлер мен тарих туралы ақпаратты таратуға бағытталған подкаст (Instagram және Tiktok әлеуметтік желілеріне подкастты қысқа роликтер форматында жариалап you-tube әлеуметтік желісінде толық жариалау) түсіріп әлеуметтік желілерде тарату (ақпараттық қамту кемінде 10 000 қаралым).

**1-іс-шара. Қазақ поэзиясы мен әдебиетке байланысты мәдени мұра, дәстүрлер мен тарих туралы ақпаратты таратуға бағытталған подкаст.** 2024 жыл 19 қараша күні Атырауға белгілі айтыскер-Шалқарбай Ізбасаров пен ақын-Бақытгүл Сәрмекова және тарихшы-Ернар Абзалұлы спикерлермен қазақ поэзиясы мен әдебиетінің мәдени мұрасы, дәстүрлер мен тарихы туралы ақпаратты таратуға бағытталған подкаст түсірілді. Подкаст барысында қазақ әдебиетінің тарихы айтылып, бүгіні мен болашағы талқыға түсті. Толық нұсқасы You-tube платформасына жарияланып, рилс форматында әлеуметтік желіге жарияланды. (https://disk.yandex.kz/d/pXHCRwJ4HAjSbQ) Жалпы әлеуметтік желіліер бойынша қаралым саны 50 000-нан асты.

**5-міндет.** Жобаның барлық аспектілерін біріктіретін және үздік қатысушылардың өнер көрсетуі үшін алаң ұсынатын поэзия фестивалінің қорытынды іс-шарасын өткізу (іс шарада кемінде 50 қатысушы).

**1-іс-шара. «Атадан туған аруақты ер» поэзия фестивалі**. 2024 жыл 22 қараша «Атадан туған аруақты ер» поэзия фестивалі өтті. Фестивальға жастар, жас ақындар, ақындар мен жазушылар қатысып, жалпы 150 көрермен жиналды. Іс-шара бағдарламасы бойынша «Жайық» өнер актерлары өнер көрсетті. Махамбет жырлары және басқа да тақырыптарды қамтыған поэзия жырлары оқылды. Жоба барысында ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысқан жастарды «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасы Абдулла Хамиұлы алғыс хаттармен марапаттады.

**6-міндет.** Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындылары бойынша мақалалар топтамасын шығару және БАҚ-та сөз сөйлеу арқылы қамтамасыз ету.

Жоба бойынша 1 контент-жоспар құрылды. Ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша БАҚ-қа жариялану саны 5 ақпарат болды. Жоба бойынша әлеуметтік желілерге, Instagram, Tik Tok платформаларына 30 дан аса пост жарияланды. Жобаның барлық шаралары бойынша жалпы 12 ден астам видеороликтер түсірілді.

**Жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.**

Жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы ретінде 1 брифинг өткізілді. Брифинг бойынша ақпарат БАҚ-қа жарияланды. Жобаның жалпы әлеуметтік желідегі жарияланым саны 30 болды. Жоба бойынша 1 қорытынды презентация жасалды.

**Ақпараттық-түсіндіру жұмысы-посттар, мақалалар, сұхбаттар жариялау, тікелей эфирлер, семинарлар, әлеуметтік желілерде өткізу. (Instagram, Tik Tok әлеуметтік желілері және YouTube платформасы)**

Жоба барысында шаралар бойынша 10 анонстық посттар жарияланды. Жобада ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша 30 пост жарияланды. Әлеуметтік желілер мен БАҚ-ты қоса алғанда 100 000-нан астам адам ақпаратпен қамтылды. Жобаның қорытындысы ретінде сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде дауыс берген қатысушылардың 80%-ы қанағаттанғанын көрсетті.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | | «Атадан туған аруақ ер» атты поэтикалық кеш бағытында 10 шара ұйымдастырылады. (Іс-шараға кемінде 1 000 адам қамту). Атырау өңірінің жазба поэзиясын дамыту. Жастардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру | | | | | | | |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | | Жоба нәтижесінде 1091 адам қамтылып, Атыраулық жастардың арасында поэзия ортасы қалыптасты. Жастарға түрлі тақырыптағы поэзия кештері ұйымдастырылып, рухани атмосфера мен эмоцияға толы сезімдер қалыптасты. Жас ақындар үшін өлеңдер жазу, дауыстап оқу және поэзияны түсіндіру техникасы бойынша мастер класстар, практикалық сабақтар өткізілді. Қазақ поэзиясын және әдебиетінің мәдени мұрасын, дәстүрлер мен тарихын насихаттауға арналған подкаст түсірілді. Подкастта қазақ әдебиетінің тарихы айтылып, бүгіні мен келешегі талқыланды. Жергілікті ақындар мен жас ақындар арасында «Тәжірибе мен талант» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында ақындар тәжірибелерімен бөлісіп, жас ақындардың шығармалары тыңдалып, бағыт-бағдар берілді. Жобаны қорытындылау мақсатында поэзия фестивалі ұйымдастырылды. Фестивальге жастар, жас ақындар, ақындар қатысып, «JAIYQ» өнер кеңістігінің актерлары өнер көрсетті. Жоба барысында ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысқан жастарды «AMANAT» партиясы Атырау облысы филалының төрағасы Абудлла Хамиұлы алғыс хатпен марапаттады. | | | | | | | |
| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| **1 міндет.** Түрлі тақырыптағы (махаббат, табиғат, | «Махаббат деген...» тақырыбында поэзия кеші | 11 қазан 2024 жыл | «KIIZ» этно-кофеханасы, «New City» | 70 | 2024 жыл, 11 қазан күні «KIIZ» этно-кофеханасында «Махаббат деген...» тақырыбында поэзия | «Тақырыптық кеш» форматында іс-шара | 3 | 3 | Жоба барысында жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| отан, тарих және т.б.) 3 іс-шараға жанрдың белгілі өкілдерін шақыра отырып, «тақырыптық кеш» форматында ұйымдастыру | | | ТҮК, Әбілқайыр хан даңғылы, 74/7, 7 блок | | кеші ұйымдастырылды. Кеш барысында махаббат тақырыбындағы, махаббаттың әртүрлі қырларын, оның тереңдігі мен сұлулығын ашып көрсететін поэзия жырлары оқылды. Поэзия кеші нәтижесінде қатысушылар поэзияның сұлулығын, махаббаттың мәнін, оның өмірдегі орнын терең түсініп, пікірлерімен бөлісті. | Жастар арасындағы қызығушылықты анықтау мақсатында сауалнама<br><br>Тапсырыс берушімен келісілген поэзия кеші бағдарламасы<br><br>Анонс әр іс-шара бойынша<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Сарапшылар түйіндеме | 3<br><br>3<br><br>1<br><br>1<br><br>3 | 3<br><br>3<br><br>3<br><br>3<br><br>3 | бағытталған поэзия кештері ұйымдастырылды. Бұл кештердің алдағы уақыттағы нәтижелерінің әсері әдебиет пен өнер саласындағы білімін жетілдірген жастар жаңа буын шығармашылық өкілдері ретінде көрінеді. |
| | Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне арналған «Мен бір жұмбақ адаммын» поэзия кеші | 21 қазан 2024 жыл | «KIIZ» этно-кофеханасы, «New City» ТҮК, Әбілқайыр хан даңғылы, 74/7, 7 блок | 70 | 21 қазан 2024 жыл «KIIZ» этно-кофеханасында «Мен бір жұмбақ адаммын» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды. Поэзия кешінде Абай Құнанбайұлының шығармалары, | Шақыртылған жанр өкілдері (аты-жөні, байланыс нөмері, қолы)<br><br>Тапсырыс берушімен келісілген іс-шара жүргізушісі<br><br>Фото/видео есеп | 100<br><br>1<br><br>4/1 | 70/70/133<br><br>3<br><br>12 фото/3 видео | Жоба аясында қазақ әдебиетінің тарихы, ұлттық поэзияның маңызы, қазіргі жас ақындардың шығармашылығы мен болашағы туралы әдеби кештер өткізілді. Осылайша, қазақ поэзиясының құндылықтары мен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | философиялық ойларын, рухани құндылықтарын көрсететін өлеңдері оқылды. Іс-шара кезінде қатысушылардың Абайға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігі оянып, рухани кеш өтті. Кеш барысында қатысушыларға кофе брейк ұйымдастырылды. | Бейне пікір<br><br>Кофе брейк<br><br>Қабылдап алу актісімен, естелік сыйлық | 1<br><br>1<br><br><br>21 | 3<br><br>3<br><br><br>21 | дәстүрлері жастар арасында кеңінен таныстырылып, ұлттық әдебиеттің сақталуына және дамуына жағдай жасалды. |
| | «Сол сәттер» тақырыбында поэзия кеші | 2024 жыл 1 қараша | «Yemaa art space» орталық, Құрманғазы көшесі,12 | 133 | 2024 жыл 1 қараша күні «Yemaa art space» орталығында «Сол сәттер» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды. Кеш барысында ескі естеліктерден жиналған әртүрлі тақырыптағы шығармалар орындалып, тыңдармандардың жүрегіне жол тауып, ескі естеліктерді жаңғыртты. Поэзия | | | | Жобаның нәтижесінде Атырау облысында әдебиет ортасы қалыптасты. Жастар арасында поэзияға қызығушылық артты, жаңа авторлар мен ақындардың туындылары көпшілікке таныстырылды. Бұл әдебиет ортасын қалыптастыруға, шығармашылық тұлғаларды анықтауға және |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | кешінде қатысушыларға кофе брейк ұйымдастырылды. | | | | оларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. |
| **2 міндет.** Жас ақындар үшін жанр сарапшыларының қатысуымен өлеңдер жазу, дауыстап оқу және поэзияны түсіндіру техникасы бойынша 2 мастер класс өткізу (іс-шарада кемінде 140 қатысушы) | «Сөз энергиясы» жас ақындарға арналған шеберлік сағаты | 15 қазан 2024 жыл | М.Асаубаева атындағы креатив хаб. М.Баймұханова көшесі, 45 Б/2 | 70 | «Сөз энергиясы» жас ақындарға арналған шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Шеберлік сағатын ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бақытгүл Бабаш өткізді. Шеберлік сағаты барысында жас ақындарға сөз саптау, өлең оқу және өлең тыңдау тақырыптары қозғалды. Нәтижесінде жас ақындар сөздің әлеуетін түсініп, өз шығармаларында қолдануға қажетті дағдыларды меңгерді. Қатысушыларға шеберлік сағатына қатысқандығын растайтын сертификаттар табысталды. | Мастер класс<br><br>Тапсырыс берушімен келісілген шеберлік сағатының бағдарламасы.<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Шеберлік сағатының анонсы<br><br>Қатысушылар жалпы саны/тізімі (аты-жөні, байланыс нөмері, қолы)<br><br>Сарапшылар<br><br>Фото/видео есеп | 2<br><br>2<br><br>2<br><br>2<br><br>70<br><br>2<br><br>4/1 | 2<br><br>2<br><br>4<br><br>2<br><br>Мастер класс, 70/300<br><br>2<br><br>22 фото/2 видео | Поэзия, әдебиет және өнерге арналған мастер-класстар мен тренингтер жастардың шығармашылық деңгейін арттыруға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта бұл нәтижелердің әсері оқу орындарында, мәдениет орталықтарында және қоғамда көрініс табады. Әдебиет пен өнер саласындағы білімін жетілдірген жастар алдағы уақытта әдеибет саласында жаңа буын болып қалыптасады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Сөз өнері: Шебер сөйлеудің сырлары» шеберлік сағаты | 2024 жыл 21 қараша | Д.Қонаев атындағы BINOM school мектеп-лицейі, акт залы Ә.Молдағұлова көшесі, 193 | 300 | 2024 жыл 21 қараша Д.Қонаев атындағы BINOM school мектеп-лицейі, акт залында Бақытгүл Бабаштың «Сөз өнері: Шебер сөйлеудің сырлары» шеберлік сағаты өткізілді. Шеберлік сағаты барысында сөз өнерінің маңызы түсіндіріліп, шебер сөйлеудің сырлары түсіндірілді. | Сертификат | 70 | 70 | Ұзақ мерзімде шығармашылық сабақтар мен мастер-класстар жастардың поэзия мен әдебиетке деген қызығушылығын күшейтеді, әрі олардың қоғамда үлкен әдеби тұлға ретінде танылуына мүмкіндік береді. Поэзия мен әдебиет бойынша арнайы курстар мен шығармашылық лабораториялар ашылады, жастардың мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын арттырады. |
| 2 міндет. Жас ақындар үшін жанр сарапшылар ының қатысуымен өлеңдер жазу, дауыстап оқу және поэзияны | «Дауыс күші» дауыстап оқу техникасы бойынша воркшоп | 17 қазан 2024 жыл | «Beluga» қонақ үйі, конференц зал. Б.Құлманов көшесі, 111Б | 100 | 2024 жыл,17 қазан күні «Beluga» қонақ үйі, конференц залында «Дауыс күші» дауыстап оқу техникасы бойынша воркшоп өткізілді. Практикалық сабақты актер, диктор-Әлихан Талғатұлы жүргізді. | Воркшоп<br><br>Воркшоп бағдарламасы<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Анонсы | 2<br><br>2<br><br>2<br><br>2 | 2<br><br>2<br><br>4<br><br>2 | Мастер классс пен практикалық сабақтар нәтижесінде жастар арасында поэзияға деген қызығушылық артқан сайын, олар әдебиетке тереңірек бойлап, ұлттық және әлемдік |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| түсіндіру техникасы бойынша 2 воркшоп өткізу (іс-шарада кемінде 140 қатысушы) | | | | | Сабақ барысында қатысушыларға дауыстап оқу техникалары бойынша сөйлеу дағдыларын дамыту, дауыс ырғағын дұрыс қолдану және мәтінді эмоционалды жеткізу бойынша тәжірибе берілді. Воркшоп соңында қатысушыларға сертификаттар табыстады. | Қатысушылар жалпы саны/тізімі (аты-жөні, байланыс нөмері, қолы)<br><br>Сарапшылар<br><br>Фото/видео есеп<br><br>Сертификат | 70<br><br>2<br><br>4 фото/1видео<br><br>70 | 100/70<br><br>2<br><br>8 фото/2 видео<br><br>70 | әдебиет мұраларын игере бастайды. Бұл олардың жеке шығармашылық тұлғасын қалыптастырады және қоғамда жас ақындар мен жазушылардың көбеюіне ықпал етеді. |
| | «Мәтінмен жұмыс істеу жолдары» жас ақындарға арналған воркшоп | 29 қазан 2024 жыл | «Beluga» қонақ үйі, конференц зал. Б.Құлманов көшесі, 111Б | 70 | «Мәтінмен жұмыс істеу жолдары» жас ақындарға арналған воркшоп өткізілді. Мастер классты актер,диктор – Сағыныш Алиханұлы жүргізді. Шара барысында қатысушылар мәтіндермен қалай тиімді жұмыс істеу, өз идеяларын қалай жүйелі түрде жеткізу керектігін үйренді. Воркшопта практикалық | | | | Бұл іс-шара жастарға өздерінің жазушылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді, олардың шығармашылық қабілеттері кеңейеді. Мастер-класстар жастардың өз пікірлерін ашық білдіруіне, шығармашылық жазбаларын жариялауына ықпал етеді. Бұл сабақтар нәтижесінде жастардың шығармашылық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жаттығулар, талқылаулар және пікір алмасу,бұл жастардың бір-бірімен тәжірибе бөлісуіне мүмкіндік берді. Қатысушылар мәтіндермен түрлі тәсілдермен жұмыс істеп, өздерінің шығармашылық стилдерін дамытуға жаңа идеялар алды. Воркшоп соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды. | | | | туындылары көпшілікке таныс болады. Жас ақындардың шығармашылығының танылуы жергілікті мәдениеттің дамуына үлес қосады. |
| **3 міндет.** Аталған тақырып бойынша 3 пікірталас кездесуін өткізу, онда жаңа бастаған ақындар мен белгілі шығармашылар өз тәжірибелері мен бөлісіп, жаңа бастаған | «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың бастауы» Жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі | 2024 жыл 28 қараша | Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Студенттер даңғылы, 212 | 128 | 2024 жыл 28 қараша күні жергілікті ақындар мен жас ақындар арасында «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың бастауы» тақырыбында кездесуі өткізілді. Кездесуде ақын Асыланбек Шығыр мен әлеуметтік ғылымдар магистрі, Атырау университеті қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға | Бағдарлама (тапсырыс берушімен келісу арқылы)<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Анонс<br><br>Жүргізуші (түйіндеме)<br><br>Қатысушылар саны (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы) | 3<br><br>3<br><br>1<br><br>3<br><br>80 | 3<br><br>3<br><br>3<br><br>3<br><br>33/50/45 | Тәжірибелі ақындар жастарға өз шығармашылық жолы мен қиындықтары туралы айтып, оларға шабыт береді. Бұл жастардың өз жолын табуына ықпал етеді. Жастардың шығармашылығы тәжірибелі ақындардың бағасын алу арқылы кәсіби деңгейге |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ақындарға тәлім бере алады (іс-шарада кемінде 80 қатысушы) | | | | | оқытушысы - Жәнібек Ғалым жас ақындармен тәжірибелерімен бөлісті. Жас ақындар өздері шығарған шығармаларын ұсынып, шығармашылар талдау жүргізді. | Хаттама<br><br>Талдамалық анықтама (жаңа бастаған ақындардың шығармалары)<br><br>Естелік сыйлық (қабылдап алу актісі)<br><br>Фото / видео есеп (әр пікірталас кездесуінен)<br><br>Іс-шараға қатысушы белгілі шығармашылар мен жаңадан бастаған ақындардың тізімін<br><br>Баннер | 3<br><br>1<br><br>6<br><br>4 фото / 1 видео<br><br>1<br><br>1 | 3<br><br>1<br><br>2/2/2<br><br>4 фото/ 1 видео әр іс-шарадан<br><br>1/1/1<br><br>1/1/1 | көтеріледі. Бұл өз кезегінде олардың шығармашылық дамуына оң әсер етеді. |
| | «Тәжірибе мен талант: Ақындық жол» | 2024 жыл 28 қараша | Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманита | | 2024 жыл 29 қараша «Тәжірибе мен талант: Ақындықтың Көшбасшылығы» тақырыбында | | | | Шығармашылық қоғамның қалыптасуы: Ақындар арасындағы байланыс артқан сайын, шығармашылық қоғам қалыптасады. Бұл қоғам әдебиет пен поэзияның дамуына, жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға көмектеседі. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі<br><br>«Тәжірибе мен талант: Ақындықтың Көшбасшылығы» Жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі | 2024 жыл 29 қараша | рлық колледжі, Азаттық даңғылы, 152 А<br><br>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Студенттер даңғылы, 212 | | жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі өтті. Әлия Дәулетбаева - ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Атырау облысындағы өкілі, Бибігүл Қайыржанова - әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты кездесуде жас ақындарға кеңестерін айтып, ақындық жолда көшбасшы болу тақырыбына талдау жүргізді. Кездесуде жас ақындар жазған жырлары талқыланды. | | | | Жас ақындар мен әдеби қауымдастық арасында тұрақты байланыстың нығаюы. Жас таланттардың әдебиетте өз жолын табуына, шығармашылық байқауларға қатысуына мүмкіндік беріледі. Әдеби қауымдастықтың кеңеюі мен жастардың шығармашылық тұлға ретінде танылуы қоғамда жаңа мәдени және әдеби тенденцияларды қалыптастырады. |
| **4 міндет.** Қазақ поэзиясы мен әдебиетке байланысты | Қазақ поэзиясы мен әдебиетке байланысты мәдени | 2024 жыл 19 қараша | «Парадиз комфорт» бизнес орталығы, | | 2024 жыл 19 қараша күні Атырауға белгілі айтыскер-Шалқарбай Ізбасаров пен ақын-Бақытгүл Сәрмекова және | Подкаст<br><br>Бағдарламасы (тапсырыс берушімен келісу арқылы) | 1<br><br>1 | 1<br><br>1 | Подкасттар арқылы қазақ әдебиетінің тарихы мен мәдени мұрасы кеңінен таныстырылады. Бұл қазақ |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мәдени мұра, дәстүрлер мен тарих туралы ақпаратты таратуға бағытталған подкаст (Instagram және Tiktok әлеуметтік желілеріне подкастты қысқа роликтер форматында жариалап you-tube әлеуметтік желісінде толық жариалау) түсіріп әлеуметтік желілерде тарату (ақпараттық қамту кемінде 10 000 қаралым) | мұра, дәстүрлер мен тарих туралы ақпаратты таратуға бағытталған подкаст | | Азаттық даңғылы, 42 | | тарихшы-Ернар Абзалұлы спикерлермен қазақ поэзиясы мен әдебиетінің мәдени мұрасы, дәстүрлер мен тарихы туралы ақпаратты таратуға бағытталған подкаст түсірілді. Подкаст барысында қазақ әдебиетінің тарихы айтылып, бүгіні мен болашағы талқыға түсті. Толық нұсқасы You-tube платформасына жарияланып, рилс форматында әлеуметтік желіге жарияланды. | Жүргізуші (түйіндеме)<br><br>Спикерлер (түйіндеме)<br><br>Рилс форматында әлеуметтік желіге жарияланым (Instagram және Tiktok)<br><br>You-tube платформасында толық жарияланым<br><br>Ақпараттық қамту (Instagram, Tiktok, You-tube)<br><br>Фото / видео есеп | 2<br><br>3<br><br>10<br><br>1<br><br>10 000<br><br>4 фото / 1 видео | 2<br><br>3<br><br>10<br><br>1<br><br>42 500<br><br>4 фото/ 1 видео | әдебиетінің маңыздылығын түсіндіру, оны жастарға жеткізу үшін тиімді құралға айналады. Жастар арасында әдебиетке қатысты пікірталас өрісін кеңейту, әдеби шығармаларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиетінің мұралары мен дәстүрлерін сақтау мен дамыту туралы талқылаулар ұлттың мәдени бірегейлігін нығайтады. Қазақ әдебиетін насихаттау, оның маңыздылығын жастар арасында түсіндіру арқылы ұлттық мәдениеттің сақталуына және дамуына үлкен ықпал етеді. |
| **5 міндет.** Жобаның барлық | «Атадан туған аруақты | 2024 жыл 22 қараша | Н.Балғымбаев атындағы | 150 | 2024 жыл 22 қараша «Атадан туған аруақты ер» поэзия | Бағдарлама / сценарий (тапсырыс | 1 | 1 | Бұл іс-шаралар арқылы жастардың поэзия мен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| аспектілерін біріктіретін және үздік қатысушылардың өнер көрсетуі үшін алаң ұсынатын поэзия фестивалінің қорытынды іс-шарасын өткізу (іс шарада кемінде 50 қатысушы) | ер» поэзия фестивалі | | коммуникациялардың дамыту орталығы, конференц зал. М.Баймұханов көшесі, 45а | | фестивалі өтті. Фестивальға жастар, жас ақындар, ақындар мен жазушылар қатысты. Іс-шара бағдарламасы бойынша «Жайық» өнер актерлары өнер көрсетті. Махамбет жырлары және басқа да тақырыптарды қамтыған поэзия жырлары оқылды. Жоба барысында ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысқан жастарды «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасы Абдулла Хамиұлы алғыс хаттармен марапаттады. | берушімен келісу арқылы)<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Анонс<br><br>Қатысушылар саны (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы)<br><br>Қорытынды бейнеролик<br><br>Фото / видео есеп | <br><br>1<br><br>1<br><br>50<br><br>1<br><br>4 фото / 1 видео | <br><br>1<br><br>1<br><br>150<br><br>1<br><br>4 фото/ 1 видео | әдебиетке деген қызығушылығы артады. Поэтикалық кештер жергілікті жастардың поэзия ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Ұзақ мерзімде бұл орта жастар арасындағы әдеби талқылар мен шығармашылық кездесулерге ұласуы мүмкін. Кештер тұрақты түрде ұйымдастырылса, поэзия мен әдебиет қоғамда кеңінен танылып, шығармашылықтың маңызды бір бөлігіне айналады. |
| **6-міндет.** Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындыл | | | Атырау қаласы | | Жоба бойынша 1 контент-жоспар құрылды. Ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша БАҚ-қа жариялану саны 5 ақпарат болды. Жоба бойынша әлеуметтік | Контент-жоспар<br><br>БАҚ-қа жариялану саны<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 1<br><br>5<br><br>30 | 1<br><br>5<br><br>33 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ары бойынша мақалалар топтамасын шығару және БАҚ-та сөз сөйлеу арқылы қамтамасыз ету | | | | | желілерге, Instagram, Tik Tok платформаларына 34 пост жарияланды. Жобаның барлық шаралары бойынша жалпы 12 видеороликтер түсірілді. | Шараларға анонс дизайн эскиздері<br><br>Видео роликтер саны | 10<br><br>12 | 10<br><br>21 | |
| Жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | | | Атырау қаласы | | | Қорытынды презентация<br><br>БАҚ-қа жариялану саны | 1<br><br>1 | 1<br><br>1 | |
| Ақпараттық-түсіндіру жұмысы- посттар, мақалалар, сұхбаттар жариялау, тікелей эфирлер, семинарлар, әлеуметтік желілерде өткізу. (Instagram, Tik Tok әлеуметтік желілері және | | | Атырау қаласы | | | БАҚ-қа жариялану саны<br><br>Анонстық посттар<br><br>Жарияланымдар<br><br>Ақпараттық қамту (әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы) | 4<br><br>10<br><br>30<br><br>15 000 | 5<br><br>12<br><br>33<br><br>100 000 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| YouTube платформасы) | | | | | | | | | |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:** Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі толық қамтамасыз етілді, жоба барысында жоспардан ешқандай ауытқулар болған жоқ.

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 1000 | 1091 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | 15 000 | 100 000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | 16 | 16 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | - | - |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 1 818 000 | 1 818 000 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 206 526 | 206 526 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 9 024 204 | 9 024 204 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 3 | 3 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):** Мақсатқа жету барысында түрлі тақырыптағы поэзия кештері ұйымдастырылды. 3 поэзия кеші ұйымдастырылып, жалпы саны 300-ге жуық адам қатысты. Жас ақындарға арнап дауыстап оқу, өлеңдер жазу және поэзияны оқу техникасы бойынша 500-ден астам жастар мастер класстар мен практикалық сабақтардан өтті. Қазақ әдеибетінің мәдени мұрасы, тарихы мен дәстүрлерін насихаттау мақсатында белгілі ақындар мен тарихшы, айтыскер ақынның қатысуымен подкаст түсірілді. «Тәжірибе мен талант» тақырыбында жергілікті ақындар мен жас ақындардың кездесуі өтті. Кездесуде ақындар тәжірибелерімен бөлісіп, жас ақындар шығармаларын оқып, талдау жүргізілді. Кездесулерге 100-ден астам жастар қатысты. Жобаны қорытындылау мақсатында «Атадан туған аруақты ер» поэзия фестивалі ұйымдастырылды. Поэзия фестивалінде «Жайық» дербес кеңістігінің актерлары өнер көрсетіп, Махамбет жырлары және түрлі тақырыптарда поэзия жырлары оқылды. Жоба барысында белсенді қатысқан жастар алғыс хаттармен марапатталды. Жоба нәтижесінде 1091 адам қамтылып, Атыраулық жастардың арасында поэзия ортасы қалыптасты.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу** *(жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):*

Жобаға дейін Атырау өңірінде поэзия кештері мен әдеби шаралар сирек өтетін болды. Жастардың жұмыс уақытынан кейін баратын рухани кештері аз болды. Және жас ақындар, шығармашылыққа, ақындыққа қызығатын жастардың тәжірибе алатын, потенциалдарын ашатын іс-шаралар жеткілікті деңгейде болмады. Жобаны жүзеге асыру барысында жергілікті ақындар мен шығармашыл кәсіби мамандармен байланыс орната отырып, іс-шаралар ұйымдастырылды. Жоба барысында еркін форматта поэзия кештері ұйымдастырылып жастардың рухани ортасы қалыптасты. Жас ақындар, жаңадан бастаған ақындар мен қызығушылығы бар жастарға арнап мастер класстар мен практикалық сабақтар өткізілді.Ақындармен еркін пікір алысып, шығармаларын талдау мақсатында жергілікті ақындармен кездесулер ұйымдастырылды. Қазақ әдебиетінің және поэзиясының мәдени мұрасын, тарихы мен дәстүрлерін насихаттауға бағытталған подкаст түсірілді. Бұл подкаст қазіргі уақытта әлеуметтік желіде ақпараттандыру арқылы қоғамда актуалды тақырып ретінде орын алды. Жобаны қорытындылау мақсатында ұйымдастырылған поэзия фестивалі жобаның жоғары деңгейде өткенінің анық көрінісі болды.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 1091 | 466 | 625 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1091 | 10 | 1000 | 25 | | - | - | 25 | 20 | | 11 |

**Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1091 | 441 | 310 | 250 | 90 | - | - | - |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

*көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):* Жоба барысында кемінде 1 000 адам қамтылды. Бұл сандық көрсеткіш жастардың поэзияға қызығушылығы мен осы бағыттағы шараларға белсенді қатысуын көрсетеді. Жас ақындардың шығармашылық әлеуеті: Жастардың арасында поэзия ортасы қалыптасты, жас ақындар мен әдебиетсүйер қоғам қалыптасты. Жастар (көбінесе жас ақындар мен әдебиетсүйер қауым); Жергілікті ақындар мен әдебиет өкілдері; Мәдениет және өнер қызметкерлері; Атырау облысындағы жалпы халық. Жастардың поэзия мен әдебиетке деген қызығушылығы артты. Олар поэзияны тек өнер ретінде ғана емес, ұлттық мұра, рухани байлық ретінде қабылдай бастады. Жас ақындардың шығармашылық дағдылары мен жазу техникасы айтарлықтай дамыды. Өлең жазу мен шығармаларын дауыстап оқу дағдысы жетілді. Поэзия ортасы қалыптасып, жас ақындар мен әдебиетшілер арасындағы ынтымақтастық күшейді.

*жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):* Жастар арасында поэзия мен әдебиеттің танымалдығы төмендеп, көп жағдайда әдебиетке деген қызығушылық азайып кеткен болатын. Әдебиет және поэзияның тәрбиелік және рухани мәнін түсіну, сондай-ақ жергілікті ақындар мен жазушылардың тәжірибесін жас буынға жеткізу мәселесі өткір тұрды. Оң өзгерістер: Поэзияның жаңаруы және жастардың шығармашылық белсенділігінің артуы: Жоба бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар жастардың поэзияға деген қызығушылығын арттырды. Бұл оң әсер жастар арасында жаңа ақындардың өсуіне ықпал етеді. Алдағы уақытта Атырау өңірінде жаңа жас таланттардың қалыптасуы ықтимал. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің танымал болуы: Жобаның нәтижесінде қазақ поэзиясы мен әдебиеті жастар арасында танымал бола түседі, бұл ұлттық мәдениеттің сақталуына және ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың нығаюына көмектеседі. Теріс өзгерістер: Жоба аясында шешілген мәселелердің теріс әсерлері айтарлықтай байқалмады. Алайда, егер осы іс-шаралар қысқа мерзімде тоқтатылып қалса, жастар арасында қызығушылықтың төмендеуі мүмкін, өйткені тұрақты оқыту мен қолдау қажеттілігі бар.

- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы*

Тұрақтылық факторлары: Ұлттық құндылықтардың беріктігі: Жоба қазақ әдебиетін, мәдениетін насихаттауға бағытталғандықтан, оның ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге негізделуі ұзақ мерзімді тұрақтылыққа әсер етеді. Жастардың қызығушылығы мен белсенділігі: Жастардың белсенді қатысуы мен шығармашылық дамуы жобаның әрі қарай жалғасын табуына ықпал етеді. Әдебиет ортасын құру арқылы

тұрақты қатысушылардың саны артады. Қолдау мен серіктестіктер: Жергілікті мәдениет ұйымдары, әдеби қоғамдар мен ақындардың қолдауы жоба тұрақтылығын арттырады. Бұл қолдауды үнемі қамтамасыз ету жобаның әрі қарай жалғасын табуына мүмкіндік береді.

- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:*

Әлеуметтік әсері: Қоғамдық сананың өсуі: Жоба арқылы жастардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке деген көзқарастары өзгеріп, жалпы қоғамдық сананың деңгейі артты. Жастардың рухани дамуы: Поэзия мен әдебиет жастардың эстетикалық және рухани дамуына оң ықпал етіп, олардың жалпы тұлғалық өсуіне ықпал жасады. Мәдениетке деген құрмет: Әдебиет пен поэзияға деген қызығушылық артқан сайын, жастар мен қоғам арасындағы мәдени байланыстар нығаяды.Экономикалық әсері: Мәдениет саласындағы жаңа жұмыс орындары: Поэзия және мәдениет саласында жаңа жобалар мен іс-шаралардың ұйымдастырылуы жергілікті мәдениет қызметкерлері үшін жұмыс орындарының пайда болуына ықпал етеді. Ұлттық мәдениеттің және әдебиеттің танымал болуына ықпал ету: Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің танымал болуы халықаралық деңгейде де экономикалық әсер етуі мүмкін. Жобаның нәтижесінде әдебиет пен мәдениеттің әлемдік аренада танытуына мүмкіндік туып, шетелдік мәдени байланыстар мен серіктестіктердің пайда болуына жол ашады. Бұл өз кезегінде мәдениет саласына халықаралық инвестициялар тартуға ықпал етуі мүмкін. Тұрақты мәдени бағдарламалар мен фестивальдер ұйымдастыру: Жобаның нәтижесінде ұйымдастырылған мәдени шаралар мен фестивальдер алдағы уақытта тұрақты түрде өткізіліп тұруы мүмкін. Бұл жергілікті мәдениет ұйымдарының тұрақты қаржылық қолдау алуына және өз қызметін кеңейтуге мүмкіндік береді.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**

Жоғары оқу орындары:Тартудың қажеттілігі: Жоғары оқу орындарының қатысуы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін маңызды болды. Университеттер мен колледждер студенттерді іс-шараларға тарту, оларды әдебиет пен поэзияға қызықтыру мақсатында ерекше рөл атқарды. Жобаны күшейту: Оқу орындарының қолдауы жастарды шығармашылық үдерістерге тартуға мүмкіндік берді. Әсіресе, әдебиет саласында арнайы курстар мен шығармашылық тренингтер ұйымдастыру арқылы жастардың шығармашылық әлеуеті артты. Сабақтар: Жоғары оқу орындарымен серіктестікті нығайту керек. Әдебиет пен шығармашылық бағыттар бойынша тұрақты курстар мен семинарларды ұйымдастыру үшін университеттер мен колледждермен тығыз байланыста болу маңызды.

Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы: Тартудың қажеттілігі: Мәдениет басқармасының қолдауы әлеуметтік жобаның ауқымдылығын кеңейтіп, жергілікті деңгейде ұйымдастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Мәдениет басқармасы шаралардың дұрыс ұйымдастырылуын бақылап, қажетті ресурстар мен инфрақұрылым ұсынды. Жобаны күшейту: Мәдениет басқармасының қатысуы жобаны жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Олар өз тарапынан қажетті қолдау көрсетіп, жастардың шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасады. Сабақтар: Мәдениет басқармасының қолдауымен бірлескен жобаларды жоспарлау және іске асыру тәжірибесі маңызды. Болашақта мәдени шараларды тұрақты өткізу үшін басқармамен өзара іс-қимылды нығайту қажет. Жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестер мен мемлекеттік органдардың әрқайсысы өз рөлін жоғары деңгейде атқарды. Олар жобаға қажетті ресурстар мен ақпараттық қолдау көрсетіп, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етті. Алдағы уақытта бұл серіктестікті нығайтып, шығармашылық жобалар мен мәдени шараларды тұрақты өткізу үшін одан әрі тығыз қарым-қатынас орнату жоспарлануда.

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жобадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| Бақытгүл Бабаш | Жас ақындарға арналған мастер класстар ұйымдастыру бойынша тренер<br>Жергілікті ақындар мен жас ақындар кездесуі бойынша жүргізуші | Жоба барысында ұйымдастырылған іс-шараларда жас ақындарға шеберлік сағаттарын ұйымдастырды. Жас ақындар мен жергілікті ақындардың кездесуі барысында жүргізуші болды. | Ескертулер жоқ! Бақытгүл Бабаш өзіне берілген міндеттерді толық орындап, жобаның жоғары деңгейде өтуіне үлесін қосты. |
| Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті | Поэзия және әдебиет саласында кездесулер ұйымдастыруға, жастарды қатыстыру мен ақпараттық қолдау көрсетті. | Университеттер мен колледждердің басшылығы мен оқытушылар | Жоғары оқу орындары жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектесті. |
| С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті | Поэзия және әдебиет саласында арнайы семинарлар, мастер-класстар мен тренингтер ұйымдастыруға қолдау көрсетті. | Бұл шаралар жастарға шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өлең жазу және оны көркем түрде жеткізу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. | Жоғары оқу орындары жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектесті. |
| «Jaiyq» дербес өнер кеңістігі | Поэзия мен әдебиет саласында арнайы кештер мен іс-шараларда өнер көрсетті. | «Jaiyq» дербес өнер кеңістігінің мүшелері, орындаушылар. | «Jaiyq» дербес өнер кеңістігінің қатысуы жобаның көркемдік деңгейін арттырды. |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мәдениет және өнер | Жастар арасында поэзияны насихаттау және шығармашылық ортаны қалыптастыру | Поэзияның танымалдылығын арттыру, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, поэзия ортасын қалыптастыру | 1 000 000 теңге | Әлеуметтік жобалар | Жастардың поэзияға деген қызығушылығы артады, әдеби шығармашылық ортасы қалыптасады. |
| 2 | Мәдениет және өнер | Театр мен поэзияны ұштастыру арқылы мәдени шараларды ұйымдастыру | Поэзия мен театрды байланыстырып, жастардың шығармашылық қабілетін арттыру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру | 2 500 000 теңге | Көпсалалы мәдени жоба | Поэзия мен театрдың синтезі арқылы жаңа мәдени форматтар мен шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылады. |
| 3 | Мәдениет және өнер | Қазіргі заманғы жас ақындар мен жазушылардың шығармаларын насихаттау | Жас ақындардың шығармашылығын кеңінен насихаттау, жастарға жаңа әдебиет үлгілерін ұсыну | 1 500 000 теңге | Әдеби жоба | Жас ақындардың шығармалары қоғамда танылып, олардың шығармашылық дамуына қолдау көрсетіледі. |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| Мемлекеттік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы | 1. Жастар арасында әдебиет және өнер фестивальдерін өткізу дәстүрін енгізу. Қазіргі уақытта жастардың поэзияға деген қызығушылығын арттыратын іс-шаралар қажет, оның ішінде фестивальдер мен әдеби байқауларды ұйымдастыру.<br>2. Ақындар мен жазушылармен кездесулер ұйымдастыру. Жастарды жазушылармен және ақындармен таныстыру, олардың шығармашылық жолы мен тәжірибесін ұсыну арқылы жастардың әдебиетке қызығушылығын арттыру. | - |
| Атырау облыстық білім басқармасы | 1. Жоғары оқу орындарында әдебиет саласындағы шығармашылық курстар мен мастер-класстарды енгізу.<br>2. Мектеп оқушылары мен студенттер арасында поэзия байқауларын ұйымдастыруды қолдау.<br>3. Жастардың қызығушылығын оятатын әдеби және шығармашылық бағыттағы факультативтер мен үйірмелерді көптеп ұйымдастыру қажет. | - |

**Есеп беттерінің жалпы саны:** ________________

Төраға / [signature] / Курметулы А.

**Грант алушы:**
**Төраға А.Курметулы**

Толтыру күні 29.11.2024.

Мөрдің орны

ЖАСТАР РУХЫ
1302400012402